



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

тық мәселелер мен айналысатын іс-әрекеттерін жан-жақты талдау және қарастыру үшін пайдаланылуы мүмкін болады.

Ұлттар лигасының жарғысының және Біріккен Ұлттар ұйымының жарғысының кейбір ережелерін салыстырмалы талдасақ, әрине, мемлекетаралықынтымақтастыққағидасы ұлттар лигасының қасында жатыр. Статуттың жекелеген баптары қару-жарақты қысқарту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелерді шешу саласындағы мемлекеттердіңынтымақтастығы наарналған. Сонымен бірге әмбебап бейбітшілікті сақтау мәселесі еңерекше болды, алайда статуттың тек ушмақаласы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге арналды.

Мемлекеттер арасындағыынтымақтастыққағидаты БҰҰ Жарғысында (3-бап, 1-тармақ) белгіленді, оған сәйкес ұйымның мақсаты - экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелерді шешуде халықаралықынтымақтастық, сондай-ақ адам құқықтарын құрметтеуді дамыту. Лига тәжірибесіне керее отырып, БҰҰ Жарғысының мәтінін еса сия емесынтымақтастық туралы екі тарау енгізілді және БҰҰ-ның негізгі органдарының біріретінде экономикалық және әлеуметтік кеңес болды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Сильченко Ю.С. Влияние положений Статута Лиги Наций на интересы государств, не входивших в ее состав // Актуальные проблемы экономики и права. -2011. - №2 (18). -С. 267-272.
2. Сильченко Ю.С. Возможность пересмотра (ревизии) международных договоров в рамках Лиги Наций // Евразийский юридический журнал. - 2011. -№9 (40).-С. 41-43.
3. Сильченко Ю.С. Еще раз о принципе единогласия в международном праве // Вестник экономики, права и социологии. - 2011. -№3. - С. 117-121.
4. Овчинникова Ю.С. К вопросу о допустимости интервенции по статуту Лиги Наций // Евразийский юридический журнал. - 2015. - № 4 (83). -С. 94-97.

УДК 341.8

## КОНСУЛДЫҚ ҚҰҚЫҚ

**Танирберген Жансая Аманкелдіқызы**

[Zhansayakzz@mail.ru](mailto:Zhansayakzz@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-21 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының консулдық құқықтың мәселесі қарастылады. Сонымен қатар, консулдық мекемелердің мәртебесін, атқарымдарын, құқықтары мен міндеттерін, олардың міндеттерінің тізбесін, оларға берілетін артықшылықтардың, жеңілдіктер мен иммунитеттердің ауқымын айқындайды.

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос о консульском праве Республики Казахстан. Он также определяет статус, функции, права и обязанности консульских должностей, перечень их обязанностей, степень их привилегий, привилегий и иммунитетов.

**Annotation.** The article deals with the issue of the consular law of the Republic of Kazakhstan. It also defines the status, functions, rights and duties of consular posts, a list of their duties, the degree of their privileges, privileges and immunities.

**Түйін сөз.** Қазақстан Республикасы, консул, консулдық құқық, консулдық қатынас, консулдық патент.

**Ключевые слова.** Республика Казахстан, консул, консульские права, консульские отношения, консульский патент.

**Key words.** Republic of Kazakhstan, consul, consular rights, consular relations, consular patent.

Бүгінгі таңда, экономикалық байланыстардың дамуына орай, сыртқы саясатты жүргізуде сыртқы қатынастың мемлекеттік органдарына, оның ішінде консулдық қызметке маңызды рөл берілген. Мемлекеттер консулдық қатынастарды және консулдың лауазымды адамдарының артықшылықтары мен иммунитеттеріне байланысты қатынастарды реттеу жөнінде көптеген келісімдер жасады.

Консулдық қатынас мәселелері жөніндегі мемлекеттердің халықаралық келісімдері, дәстүрлері және ішкі мемлекеттік заңдардың белгілі бір нормаларының жиынтығы консулдық құқықтың негізін қалайды.

Консулдық құқық - бұл консулдық мекеменің құқықтық жағдайын, сондай-ақ консулдың лауазымды адамдарын тағайындауды, қызметтерін, артықшылықтары мен иммунитеттерін реттейтін қағидалар мен нормалар жиынтығы.

Консулдық құқықтың қайнар көздеріне мемлекеттердің халықаралық шарттары, салт-дәстүрлер мен ұлттық заңдар жатады. Халықаралық құқық іс-тәжірибесінде консулдық мәселелер бойынша көпжақты конвенция жасап шығаруға талпыныс жасалды. Оларға Консулдық қызметтер туралы 1911 ж. Каракас конвенциясын, Консулдық шенеуніктер туралы 1928 ж. Гавана конвенциясын жатқызуға болады. Жоғарыда аталған құқықтық актілер әмбебап сипат алған жоқ. Еуропа Экономикалық Қауымдастығы елдері арасында жасалған Консулдық қызмет туралы 1967 ж. Еуропа конвенциясы да аймақтық сипатта болған еді. 1963 ж. Халықаралық қауымдастық Венадағы БҰҰ конференциясында консулдық құқықты жүйелеуге тағы бір әрекет жасап көрді, оның нәтижесінде Консулдық қатынас туралы Конвенция қабылданды.

Қазақстан Республикасы үшін Консулдық қатынас туралы 1963 ж. Вена Конвенциясы 1994 жылы өз күшіне енді. Қазақстандық консулдық іс-тәжірибе екі жақты консулдық шарттар жасау жолымен келеді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Үндістан Республикасы Үкіметі арасында консулдық қатынастар орнату туралы 1992 ж. 22 ақпанындағы хаттама; Қазақстан Республикасы мен Венгр Республикасы арасындағы консулдық конвенция; Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара жүріп-тұруларына виза ресімдеу тәртібі туралы 1993 ж. 31 желтоқсанындағы Келісімі; Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Пәкістан Ислам Республикасы Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара жүріп-тұруына туралы 1995 ж. 23 тамызындағы Келісімі. Қазақстан Республикасындағы консулдық қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясы, Дипломатиялық қызмет туралы 2002 ж. Заң, 1999 ж. Консулдық Жарғы негізінде, түрлі ережелер мен нұсқаулар бойынша жүзеге асырылады.

Халықаралық құқық ғылымында дипломатиялық және консулдық қызметтің лауазымды адамдардың арасына елеулі айырмашылықтар қойылмаған. Мемлекеттер арасындағы консулдық қатынастар өзара келісім негізінде жүзеге асырылады және ол кез келген нысанда бейнеленуі мүмкін. Мемлекет дипломатиялық қатынастар орнатқан кезде консулдық қатынастар орнату фактісі туралы арнайы келіспейді. Соған орай, дипломатиялық қатынастарды орнату автоматты түрде консулдық қатынастарды да орнатады деуге бола ма? Халықаралық құқықтың теориясы мен іс-тәжірибесі бұл сұраққа иә деп жауап береді.

Консулдық мекеменің орналасқан жерін, оның сыныбы мен консулдық округін өкілдігін жіберген мемлекет айқындайды және оны дипломатиялық өкілдік орналасқан мемлекеттің мақұлдауы тиіс. Консулдық мекеменің орналасу жерін, оның сыныбын немесе консулдық округті әрі қарай өзгертуді өкілдігін жіберген мемлекет консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісімімен жүзеге асыра алады.

Консулдық артықшылықтар мен иммунитеттер. Консулдық өкілдіктердің консулдық орналасқан мемлекеттегі қызметтеріне байланысты пайдаланатын барлық жеңілдіктері мен артықшылықтарының жиынтығын консулдық артықшылықтар мен иммунитеттер деп

айтады. Консулдық құқықта берілетін жеңілдіктер өкілдіктің өз отандастарын қорғаған кезде жергілікті билік тарапынан қысым көрсетпеуі үшін қызметтерін жеңілдетеді. Көпшілік мойындаған халықаралық салт-дәстүрлер мен консулдық конвенциялар ережелеріне сәйкес, мемлекеттер өз аумақтарында шетелдік консулдық өкілдіктерге, консулдарға және консулдық қызметтің лауазымды тұлғаларына белгілі бір артықшылықтар мен иммунитеттер береді.

Консулдық мемлекеттердің иммунитеттер көлемі дипломатиялық өкілдік иммунитетіне жақын келеді. Штаттық консулдардың жеке иммунитеттерінің шеңбері мен көлемі дипломаттарға қарағанда тарырақ келеді, консул белгілі бір жағдайларда жергілікті сотқа тартылады; тінту иммунитеті оның қызметтік мекемесінде ғана болады, ал қол сұғылмаушылық иммунитеттері оның қызметтік хат жазысулары мен мұрағатында ғана болады. Консулдық конвенцияларға, көптеген мемлекеттердің ішкі мемлекеттік заңдарына сәйкес, консул жеке хаттарын қызметтік хаттарынан бөлек ұстауы тиіс.

Халықаралық құқыққа сәйкес, консулдың қызметтік әрекетін орындауына қатысты құжаттар мен ресми хат-хабарларға қол сұғылмайды. Консулдық үй-жайларға абсолютті қол сұғылмаушылық қағидасы консулдық шенеуніктер туралы 1928 ж. Гавана конвенциясында, Бустаманте Кодексінде бекітілген. Консулдық қатынас туралы Вена Конвенциясының 31-бабына сәйкес, өрт және апат жағдайларында консулдық мекеме үй-жайларының абсолютті қол сұғылмаушылық қағидасының бұзылуы мүмкін.

Консулдың жеке басының артықшылықтары мен иммунитеттері. Консулдық конвенциялар мен ұлттық заңдарда консулды аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа, алдын ала қамау тәртібінде ұстауға болмайды деп белгіленген. Консулды әкімшілік тәртіпте де ұстауға болмайды. Консулды аса ауыр қылмыс жасады деп ұстау оның экзекватурасынан айырумен байланысты болады. Консулдық өкіл жеке артықшылықтар мен иммунитеттерге ие болғанымен, оларды асыра пайдаланбауы тиіс және консулдық орналасқан мемлекеттің барлық заңдары мен ережелерін қатаң орындауы қажет. Әдетте, консул сот органдары сот немесе әкімшілік іс жүргізу бойынша куә ретінде шақырғанда, баруға міндетті. Іс-тәжірибеде мұндай жағдайда консулға сыпайылық деп аталатын артықшылық беріледі. Мысалы, сотқа келу туралы шақырту консулға ерекше хатпен және келмеген жағдайда қандай да бір санкциялар қолданылады деп көрсетілмей жіберіледі. Егер, консул куәгерлік жауап беруден бас тартса, оған мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды. Консулдық эмблемаларды дұшпандық қастандықтан қорғаудың зор маңызы бар. Консулдық орналасқан мемлекет консулдарға өзара келісу негізінде ерекше артықшылықтар береді, олар қол сұғушылықтан қорғалуға жатады. Мұндай артықшылықтарға консулдың өз мемлекетінің тәртібі негізінде консулдық тіршілігі мен тұрмысын ұйымдастыру құқығы, өз атына баспа басылымдарын, консулдық орналасқан елге әкелуге тыйым салынған басылымдарды қоса алғанда жаздыртып алу құқығы; консулдық орналасқан жерде түрлі сипаттағы ресми салтанаттарға шақырылу құқығы және консулдың өз өкілдігімен қатынасудағы арі ықшылықтарын жатқызуға болады. Консулдық конвенциялар мен көптеген мемлекеттер іс-тәжірибесін саралап көргенде байқалғанындай, консулдық иммунитеттің көпжағдайларда дипломатиялық иммунитетпен сәйкес келетінін атап айту керек.

Қазіргі мемлекетаралық қатынастарды екі негізгі топқа бөлуге болады:

А) саяси қатынастар;

Б) экономикалық және мәдени қатынастар.

Сөзсіз, мұнда саяси қатынастар басты рөл атқарады. Саяси қатынастардың элементтері ретінде құқықтық, дипломатиялық және әскери байланыстар болады. Олардан туындайтын элементтер экономикалық және мәдени қатынастарға кіреді.

Тұрақты консулдар институты Ежелгі Грекияда пайда болып, ол орта ғасырларда белсенді түрде дамыған және алғашқы консулдық құқық ережелерінің дүниеге келуіне негіз болды.

Консулдық мекемелер. Егер дипломатиялық өкілдіктер, ең алдымен, мемлекетаралық қатынастардың саяси аспектілерімен айналысса, консулдықтар мемлекеттердің

экономикалық, құқықтық және олардан туындайтын байланыстарды үзбеу және дамыту үшін құрылады. Мемлекет арасындағы консулдық қатынастар әдетте дипломатиялық қатынастарды орнатқаннан кейін пайда болады. Бірақ, дипломатиялық қатынастар болмаса да, консулдық қатынастар арнайы келісім негізінде пайда болуы мүмкін. Дипломатиялық қатынастардың үзілуі консулдық қатынастардың бірден үзілуіне әкеліп соқпайды. Дипломатиялық өкілдік жоқ мемлекеттерде мекендеу мемлекетінің келісімімен консулға дипломатиялық міндеттерді атқаруға жол беріледі.

Мемлекеттердің консулдық қатынастары арнайы консулдық мекемелерімен және дипломатиялық өкілдіктердің жанындағы консулдық бөлімдерімен жүзеге асырылады.

Консулдық құқық - бұл консулдық мекемелердің қызметін, олардың құрам мүшелерінің мәртебесін қызметтерін. Құқықтар мен міндеттерін реттейтін халықаралық құқықтық нормалардың жиынтығы. Яғни, консулдық құқық халықаралық құқықтың бір саласы болып табылады. Консулдық құқықтың қайнар көздері: халықаралық әдет-ғұрып, халықаралық шарттар. Консулдық құқықта халықаралық әдет-ғұрып халықаралық шарттар сияқты маңызды орын алмайды. Мемлекет арасындағы консулдық құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттардың (көпжақты да, екіжақты да) қатарынан екіжақты консулдық конвенциялар мен келісімдер негізгі орын алады.

Консулдық мәселелер бойынша халықаралық көпжақты шарттардың ішінде 3 негізгі консулдық конвенциялар бар. Олардың екеуі аумақтық сипатта: 1911 ж. Консулдық міндеттер туралы Каракас конвенциясы және 1928 ж. Консулдық шенеуніктер туралы Гавана конвенциясы; ал әмбебап құжат ретінде 1963 ж. Консулдық. Қатынастар туралы Вена конвенциясы табылады. 1963 ж. Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясына Қазақстан Республикасы 1993 ж. 31 наурызда қосылды.

Консулдық өкілдіктер (мекемелер) -бұл өз мемлекетінің заңды тұлғалары мен азаматтарының экономикалық және тағы басқа да мүдделерін қорғау мақсатымен мекендеу мемлекетінің аумағында оның келісімімен құрылған бір мемлекеттің арнайы органдары.

Консулдық мекемелердің дипломатиялық өкілдіктерден елеулі айырмашылықтары бар. Мысалы, консулдық мекемелер мекендік мемлекеттің барлық аумағында емес, тек бір алдын-ала анықталған аймақта қызмет жасайды. Бұл консулдық аймақ мемлекеттердің келісімі негізінде анықталады. Аккредитация берген мемлекеттің мекендік мемлекетте бір ғана дипломатиялық өкілдігі (елшілік, миссия) болады, ал консулдық мекемелер бірнеше консулдық аймақтарда құрылып, саны бірнеше болуы мүмкін.

Консулдық мекемелерді екі түрге бөлуге болады:

1. Дипломатиялық өкілдіктердің консулдық бөлімдері;
2. Жеке консулдық мекемелер.

Жеке консулдық мекемелер мынадай сыныптарға бөлінеді:

1. Бас консулдықтар;
2. Консулдықтар;
3. Вице-консулдықтар;
4. Консулдық агенттіктер.

Бас консул бас консулдықты басқарады, тиісінше консулдық пен вице-консулдықты консул мен вице-консул басқарады, консулдық агенттіктің басында консулдық агент тұрады. Консулдық сыныптарды консулды жіберген мемлекет өзінің ұлттық заңында көрсетілген тәртіппен береді. Консулдық лауазымды тұлға болып (штаттық консул) әдетте тек жіберген мемлекеттің азаматы бола алады және олар өз мемлекетінің мемлекеттік қызметкерлері болып табылады. Консул өз аймағының жергілікті билік органдарымен ғана жүйелі байланыста болады. Ал мекендік мемлекетінің орталық органдарымен консулдық. Міндеттерге қатысты мәселелер бойынша өз мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі арқылы байланысады.

Консулды тағайындау және кері шақыру тәртібі.

Консулды тағайындау мен кері шақыру тәртібін ұлттық заң реттейді. Консулдарды Сыртқы істер министрлігі тағайындайды. АҚШ, Ұлыбритания және кейбір мемлекеттерде

консулдарды мемлекет басшылары тағайындайды. Мекендеу мемлекеті консулдың тағайындалуы туралы хабарландырылады. Кейбір мемлекеттер консулды тағайындау кезінде мекендеу мемлекетінен алдын ала келісім сұрайды. Сыртқы істер ведомствосы тағайындайтын консулға, оның өкілеттіктері туралы куәлік - консулдық патентті береді. Патентте консулдың толық аты-жөні, азаматтығы, сыныбы, лауазымы, консулдық аймағы мен консулдың орналасу орны көрсетіледі. Консулды қабылдайтын мемлекет консулдың міндеттерін атқару үшін арнайы рұқсат - консулдық экзекватураны береді. Консулдық міндеттерді тікелей атқарған консулдық лауазымды тұлғалар консулдық артықшылықтар мен иммунитеттерге толық көлемде ие. Әкімшілік-техникалық және құрамның артықшылықтары мен иммунитеттері екі мемлекет арасындағы келісімімен белгіленеді.

Консулдық өкілдіктер мынадай артықшылықтар мен иммунитеттерге ие болады: консулдықтардың ғимараттарына, олардың көліктік құралдарына, консулдықтардың қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың үйлеріне, консулдық архивтер мен құжаттарына қол сұқпаушылық және консулдық мекеме басшысының резиденциясына қол сұқпаушылық. Бұл баспаналарға кіру үшін консулдық өкілдігі басшысының келісімі немесе өтініші керек.

Консулдық мекемелерінің баспаналарына қол сұқпаушылық мекендеу мемлекеттерімен екі жолмен қамтамасыз етіледі:

1. Баспаналардың тиімді сыртқы күзетін қамтамасыз ету;
2. Мекендеу мемлекеті билігінің консулдыңғының баспанасына кіруді шектеу.

Консулдықтардың мынадай құқықтары болады: мекендеу мемлекетінде және үшінші мемлекет аумағында орналасқан өз мемлекеттік дипломатиялық және консулдық мекемелерімен өз мемлекетінің үкіметімен кедергісіз байланыса алады; шифрлік депешаларды, арнайы курьерлерді және жай байланыс әдістерін қолдана алады; әртүрлі салық, алым, баждардан босатылады, консулдық мекеме басшысының көлігіне және консулдық ғимаратта консулдық қалқаны (мемлекет эмблемасын) бекіте және туды іле алады.

Консулдар куәлар ретінде сотқа шақырыла алады, бірақ одан бас тартқан жағдайда оларға қатысты мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды. Консулдыңғының лауазымды тұлғалары және олардың отбасы мүшелері салық, алым, баж, кеден баждарын төлеуден, жеке жүкті қараудан және жеке міндеттіліктерден босатылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Колосов. Ю.М, Кривчикова Э.С Международное право.
2. Конвенция Каракас
3. Конвенция Гавана
4. А.Х. Абашидзе, Е.М. Абайдельдинов. Халықаралық құқық

УДК 341.1/8

### **ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Тимурова Молдир Тимуровна**

[Timurovamoldir@mail.ru](mailto:Timurovamoldir@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

**Аңдатпа.** Мақалада қарулы қақтығыстар кезінде балалардың құқықтарын қорғаудың проблемалық мәселелері қарастырылады, оның ішінде қарулы қақтығыстар кезінде балалардың құқықтары мен қауіпсіздіктерін қалай қамтамасыз ету керектігі жөнінде мол